



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мамырда Қазақстанның көптеген өңірлерінде жылдық инфляция баяулады

Астана қ.

2024 жыл, 14 маусым

Мамырда елде **жылдық инфляция** баяулап, **8,5%**-ды құрады (сәуірде – 8,7%). 16 өңірде бәсеңдеген жылдық инфляция 1 өңірде жеделдеп, үшеуінде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды облысы мен Астана қаласында тіркелді.

Мамырда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 5,5%-ға дейін баяулады (сәуірде – 6,3%). Осы топтағы тауарлар бағасының максималды өсімі Алматы қаласында (8,3%), минималды өсім Түркістан облысында (3,4%) тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 7,6% болып, бұрынғы деңгейде сақталды (сәуірде – 7,6%). Ең жоғарғы мән Маңғыстау облысында (14,2%), төменгі мән Алматы облысында (5,5%) тіркелді.

Мамырда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,9%-ға дейін жеделдеді (сәуірде – 13,5%). Сонымен қатар, Қарағанды облысында (18,0%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Ұлытау облысында (8,3%) айтарлықтай төмен өсті.

Мамырда ел бойынша **айлық инфляция 0,4%-ға** өсті, бұл – тарихи орташа мәннен төмен (2017-2021 жылдардағы мамырда – 0,5%).

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz